

4. Журавлев А.Л. О современном состоянии отечественной психологии управления в контексте ее истории // Современные проблемы психологии управления. - М.: ИПРАН, 2002. - С. 6-17.

5. Вудкок М., Фрэнсис Д. Раскрепощенный менеджер. - М.: Дело, 1991. - 313 с.

6. Карпова О. Л. Развитие самообразовательной деятельности студентов: теоретические аспекты: монография. - Челябинск: Уральская Академия, 2014. - 204 с.

7. Артамонова Е.И. Формирование готовности к инновационной деятельности как важное направление работы субъектов образовательного процесса // Вестник КазНПУ им.Абая Серия «Педагогические науки» №4 (60), 2018-С.80-86

МРНТИ 14.07.01

<https://doi.org/10.51889/2020-1.1728-5496.44>

Е. Утегенов<sup>1</sup>, А. Куракбаева<sup>2</sup>, Ә. Байғалиев<sup>3</sup>

<sup>1</sup>І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті

Талдықорған қ. Қазақстан

<sup>3</sup>Абай атындағы ҚазҰПУ

Алматы қ. Қазақстан

## БОЛАШАҚ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ МҰҒАЛІМІН КӘСІБИ ІС-ӘРЕКЕТКЕ ДАЙЫНДАУ

### Аңдатпа

Мақалада дене шынықтыру мұғалімін даярлауда Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңында педагогтың құқықтары мен бірге міндеттеріне сай замануи бағыттар көрсетілген және дене шынықтыру бойынша маманның кәсіби дайындығы күрделі, динамикалық педагогикалық жүйесі, оның жұмыс істеу тиімділігі педагогикалық үрдістің жалпы заңдылықтары және оны басқару негізінде көрініс табатын көптеген факторлары қарастырылған.

Дене тәрбиесі мұғалімдерінің күнделікті жұмысында қолдана алатындай, білуге тиісті мәселелер жеткілікті. Осы мақсатта ұсынылып отырған мақала дене тәрбиесіне қатысты жұмыстар, дене тәрбиесі сабағы, оқыту әдісіне қойылатын талаптар, сабақты ұйымдастыру ерекшеліктері, оның тиімділігін қалай арттығуға болатындығы, мұғалімдердің дайырлық деңгейіне қойылатын талаптар және мәселелер көтерілген.

Болашақ дене шынықтыру мұғалімі, ол өз қызметінде тиісті кәсіби құзыреттілікке ие болуға, оқыту мен тәрбиелеу сапасын қамтамасыз етуге, өзінің кәсіби шеберлігін жоғарлатуға мүмкіндік беретін жолдары көрсетілген.

**Түйін сөздер:** педагог, дене шынықтыру, болашақ педагогты даярлау, кәсіби іс-әрекет.

Е. Utegenov<sup>1</sup>, А. Kurakbaeva<sup>2</sup>, А. Baigaliev<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Zhetysu state University named after I. Zhansugurov

Taldykorgan, Kazakhstan

<sup>3</sup>KazNPU named after Abai

Almaty, Kazakhstan

## PREPARATION OF FUTURE TEACHERS OF PHYSICAL CULTURE FOR PROFESSIONAL ACTIVITY

### Abstract

The article in the preparation of teachers of physical culture in the Republic of Kazakhstan Law "About the status of a teacher" the modern direction in accordance with the rights and responsibilities of the teacher and examines the complex dynamic system of pedagogical training of the expert in physical culture, its efficiency lies in the General patterns of pedagogical process and the many factors that reflect its based on control.

Physical education teachers have a lot of questions that they need to know so that they can use them in their daily work. To this end, the proposed article reveals the work on physical education, physical education

lessons, requirements for teaching methods, features of the organization of classes, how to improve its effectiveness, requirements for the level of training of teachers and problems.

A future teacher of physical culture, who in his activity gives the opportunity to possess the appropriate professional competencies, ensure the quality of training and education, and improve his professional skills.

**Keywords:** teacher, physical culture, training of the future teacher, professional activity.

*Е. Утегенов<sup>1</sup>, А. Куракбаева<sup>2</sup>, Ә. Байғалиев<sup>3</sup>*

*<sup>1</sup>Жетысуский государственный университет имени И. Жансугурова*

*г. Талдықорган Казахстан*

*<sup>3</sup>КазНПУ имени Абая г.*

*Алматы, Казахстан*

## ПОДГОТОВКА БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ К ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

### *Аннотация*

В статье в подготовке учителя физической культуры в Законе Республики Казахстан «О статусе педагога» изложены современные направления в соответствии с правами и обязанностями педагога и рассматриваются сложная система динамической педагогической подготовки специалиста по физической культуре, эффективность ее функционирования заключается в общих закономерностях педагогического процесса и множестве факторов, отражающих его на основе управления.

У учителей физической культуры достаточно много вопросов, которые должны знать, чтобы они могли использовать в повседневной работе. С этой целью предлагаемая статья раскрыла работу по физическому воспитанию, уроки физической культуры, требования к методам обучения, особенности организации занятий, как повысить его эффективность, требования к уровню подготовки учителей и проблемы.

Будущий учитель физической культуры, который в своей деятельности дает возможность обладать соответствующими профессиональными компетенциями, обеспечить качество обучения и воспитания, повысить свое профессиональное мастерство.

**Ключевые слова:** педагог, физическая культура, подготовка будущего педагога, профессиональная деятельность

Қазақстан Республикасының «Педагог» мәртебесі туралы Заңында педагогтың құқығымен міндеттері көрсетілген: өз қызметінде тиісті кәсіби құзыреттілікке ие болуы, оқыту мен тәрбиелеу сапасын қамтамасыз етуі, өзінің кәсіби шеберлігін, зерттеу, зияткерлік деңгейін үздіксіз жетілдіруі, педагогикалық этиканы сақтауы, білім алушылар мен олардың ата-аналарының ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуі, балаларды заңды, адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтарын, ата-аналарына, отбасылық, тарихи және мәдени, мемлекеттік рәміздерге, жоғары адамгершілік, патриотизм, қоршаған ортаға ұқыпты қарау. Сонымен қатар білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, дербестігін, шығармашылық қабілеттерін дамыту және салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыру [1, б.102].

Орта мектепте оқылатын басқа пәндермен «Дене шынықтыру» пәнін салыстырсақ, басқа пәндердің бәрі тек 3 міндет атқарады: білім беру, дамыту, тәрбиелеу. Тек дене шынықтыру сабағы төрт міндет атқарады, төртіншісі - оқушылардың жаттығулар арқылы денсаулығын сақтау.

Осыған орай оқушыларды дене тәрбиесіне дайындауда болашақ маманына көптеген талаптар қойылып жатыр.

Дене шынықтыру бойынша маманның кәсіби дайындығы күрделі, динамикалық педагогикалық жүйе болып табылады, оның жұмыс істеу тиімділігі педагогикалық үрдістің жалпы заңдылықтары және оны басқару негізінде көрініс табатын көптеген факторларға байланысты.

Дене шынықтыру саласындағы кәсіби білім берудің басты мақсаты дене шынықтыру және спорт жүйесінің барлық буындары үшін олардың қызметіне нақты сұраныс негізінде жоғары білікті мамандар даярлау, олардың дене шынықтырудың әтүрлі білім беру мекемелерінде және басқа да ұйымдастыру құрылымдарында дене шынықтыру-сауықтыру бағдарламаларының алуан түрлілігін

сапалы педагогикалық сүйемелдеуді қамтамасыз ету қабілеті болып табылады, - дейді Н.Г. Ершова [2, б. 91].

Соңғы уақытта жоғары кәсіби дене шынықтыру білім беру саласында көптеген педагогикалық зерттеулер жүргізілуде.

Көптеген ғалымдардың пікірлері бойынша, маманның гуманистік бағдарын күшейтуді, оның мотивация психологиясы саласындағы білімінің жоғары деңгейін, дене шынықтыру немесе спорт қызметінің түрін таңдау қажеттілігі мен еркіндігін қамтуы мүмкін. Болашақ маманнан дене тәрбиесі мен спорттық даярлықтың ғылымды қажетсінетін технологияларын жедел меңгеру қабілеті талап етіледі. Оған адамның физикалық потенциалын табиғи және ынталандыратын дамыту технологиялары саласында терең білім, оның типологиялық және, әсіресе, шұғылданушылардың жеке сипаттамаларын орындау және оларға физикалық және спорттық жетілдіру бағдарламаларын құру, сондай-ақ олардың толыққанды іске асырылуын қамтамасыз ету инфрақұрылымын ұйымдастыру іскерліктері мен дағдылары қажет болады.

Біз дене шынықтыру және спорт бойынша маманның кәсіби дайындығы күрделі, динамикалық педагогикалық жүйе болып табылады деп есептейтін жетекші ғалымдардың ұстанымындарына сүйенеміз, өйткені олардың жұмыс істеу тиімділігі педагогикалық процестің және оны басқарудың жалпы заңдылықтары негізінде көрінетін көптеген факторларға байланысты. Жоғары кәсіптік білім беруді жаңғырту проблемасын тиімді шешу философия, педагогика, акмеология, психология, әлеуметтану сияқты түрлі ғылыми салаларда кешенді зерттеулерсіз, олардың ережелерін бірыңғай зерттеуде біріктіру жолымен мүмкін емес.

Осының негізінде қызметтің осы саласындағы мамандарды даярлаудың әлеуметтік-экономикалық шарттарын, осы салада кадрлар даярлауға арналған жаңа «әлеуметтік тапсырыстарды», уақытпен талап ететін бітірушіге қойылатын талаптарды сәйкестендіру қажеттілігі туындады.

Жоғары кәсіби білім алу барысында студент өз қызметінің нәтижесін алдын ала болжап, өмірдің өзгермелі жағдайларында бейімделу және өзін-өзі анықтау үшін дене шынықтыру бойынша маманның болашақ қызметіне барынша жақын жағдай жасау қажеттілігі туындайды, ол алдын ала өзінің болашақ кәсіби іс-әрекет жасайтын объектіні, өзінің іс-әрекетінде қандай бағытта жұмыс жасайтығының, ол үшін оған қандай білімдер қажет, соның бәрін алдын ала біліп отырса, онда оның дайындығы да нәтижелі болады.

Болашақ «Дене шынықтыру» пәннің мұғалімі білуі тиіс: жақсы денсаулық - адамның еңбек және қоғамның іс-әрекетке жемісті қатысуының маңызды кепілі. Оқушылардың денсаулығына қамқорлық жасауға біздің қоғамымыз мейлінше мүдделі. Сабақтарда, сабақтан тыс уақытта, спорт секцияларында дене тәрбиесін күн сайын ұйымдастырып, қолайлы жағдайлар жасау қажет.

Дене тәрбиесі ең басты күн тәртібін, яғни, еңбек, демалыс, тамақтану, ұйқы, бос уақыт ырғақтарын дұрыс ұйымдастыруды талап етеді. Күн тәртібін тиімді пайдалану оқушылардың ақыл-ойы мен дене құрылысының дұрыс дамуына, денсаулығын сақтауға көмектеседі.

Мысалы, Т. Тәжібаев [3, б. 153] еңбектерінде тәртіпті - демалыс, тамақтану, жеке гигиена және күн мен түннің пайдалы сәттерін маңызды, мазмұнды қолдану,- деп көрсетеді. Мектепте дене тәрбиесінің мұғалімі, сынып жетекшісі, тәрбиеші басқарады. Олардың жұмыстарының мазмұны:

- шәкірттерге оқу, еңбек және демалыс ырғағын ұтымды пайдалануды үйрету, оқушылардың денсаулығын үнемі бақылау, жұмыс қабілетін жақсарту, оларға жағдай туғызып, қамқорлық жасау.

- оқу күні және оқу жылы бойында қозғалыс жасау, қозғалтқыш әрекетке үйрету және қозғалтқыш сапаларын дамыту, дене шынықтыру және сауықтыру жұмысын тиімді өткізу.

Дене тәрбиесін мектепте және мектептен тыс оқу орындарында спорттық базаларда іске асыру үшін болашақ мұғалімдер төмендегі талаптарды еске алған жөн:

- оқушылардың бойында жоғары адамгершілік сапаларын тәрбиелеу;

- шәкірттің денсаулығын нығайту, жұмыс қабілетін көтеру;

- спортпен шұғылдануға оқушылардың тұрақты қызығуын және қабілетін дамыту;

- негізгі қозғалтқыш сапаларын дамыту.

Дене тәрбиесінің маңызды мақсаттарының бірі - балалар мен ересек адамдарды дене шынықтыру ісіне жұмылдыру.

Дене тәрбиесінің міндеттері:

- денсаулықты нығайту және шынықтыру, дененің дұрыс өсіп-жетілуіне және ағзаның жұмыс қабілетін арттыруына әсер ету;

- қимыл дағдылары мен іскерліктерін қалыптастыру және жетілдіру;  
- қимылдың жаңа түрлеріне баулу және оны теориялық білімдерімен байланыстыру;  
- негізгі қимыл-қасиеттерін күшті, төзімділікті, шапшаңдылықты және ептілікті дамыту;  
- еріктілікке, батылдыққа, табандылыққа, тәртіптілікке, ұйымшылдыққа, достық пен жолдастық сезімге, мәдениет мінез-құлық дағдысына еңбек пен қоғамдық меншікке саналы көзқарасын тәрбиелеу;

- әдеттерді қалыптастыру және дене жаттығуларымен үнемі шұғылдануға ынтаны тәрбиелеу;  
- гигиеналық дағдыларды сіңіру, дене жаттығулары мен шынықтыру гигиенасы жөніндегі білімді хабарлау.

Оқушыларды дене тәрбиесіне дайындауда біз К.О. Оразбаеваның [4, б. 84] зерттеуін қарастырдық, өйткені ол білім беруді жаңғырту жағдайында педагогикалық пәндерді оқыту үдерісінде кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру тек қана мамандардың кәсіби даярлығын арттыру міндеттеріне байланысты ғана емес, сонымен қатар жоғары оқу орынында тұлғаның дамуы, өзін-өзі дамуы және өзін-өзі жүзеге асыруы үшін жағдай жасау үшін маңызды және қажетті болып табылады, - деп көрсеткен.

Л.А. Оганнисян, М.А. Акопян, В.Н. Еровенколардың [5, б. 124] ойынша, бүгінгі таңда басты назар оқу қызметінің міндеті емес, оның кәсіби және жеке мәселелері бар тұлғаның өзі. Өз қызметінде тұлға өзара байланысты екі бағытты бөледі: өзекті – оқыту мен қарым-қатынастағы қиындықтарға байланысты проблемаларды шешуге; перспективалы-әрбір (субъект) тұлғаның дамуы мен қалыптасуына, оның өзін-өзі анықтауға, қоғамдағы жасампаздық өмірге психологиялық-педагогикалық дайындығын қалыптастыруға.

А.Г. Бермустың [6, б. 133] ойынша жоғары мектепте мамандарды кәсіби даярлауға құзыреттілік көзқарас түлектердің еңбек нарығына кәсіби және әлеуметтік бейімделуін айтарлықтай жеңілдетеді. Қазіргі жоғары мектептің алдында нарықтық экономика жағдайында жұмысқа дайын біліктілігі жоғары бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау міндеті тұр. Кәсіптік білім беру адамның еңбек нарығында, мамандар нарығында кәсіби бәсекеге қабілеттілігінің негіздерін, оның кәсіби және әлеуметтік ұтқырлығының негіздерін қалыптастыруға бағытталған. Бұл ретте жеке тұлғаның еңбек нарығының осы қызмет түріне қажетті белгілі бір құзыреттіліктегі қажеттіліктерін қанағаттандыру қабілеті тауар болып табылады. Еңбек нарығында мамандар, шын мәнінде, бір-бірімен жұмыс орындарына бәсекелесе отырып, кәсіби қызметке дайындықты сатады. Жұмысқа қабылдау кезінде бітірушіге қойылатын талаптарға келер болсақ, олар қатаң болды: жұмыс берушілер кәсіби міндеттерді орындауға дайын мамандарды күтеді. Сондықтан жоғары кәсіптік білім беру жүйесі жаңа формациядағы мамандарды даярлау үшін жағдайды қамтамасыз етуге бағытталған.

Олар үшін өзін-өзі дамытуға және кәсіби құзыреттілікке орнату, яғни кәсіби құзыреттілікке ие болу басым өмірлік стратегиялар болып табылады. Өзінің функционалдық міндеттерін орындау үшін дене шынықтыру және спорт бойынша маман белгілі бір іскерлікке, білімге, дағдыларға, жеке қасиеттерге және адамгершілік құндылықтарға ие болуы тиіс, олардың көпшілігі өзінің болашақ кәсіби қызметіне дайындық барысында алады. Басқаша айтқанда, дене шынықтыру және спорт бойынша маман өз қызметін тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін белгілі бір құзыреттілік деңгейіне ие болуы тиіс.

Жоғары мектепте оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың қазіргі заманғы принциптерін іс жүзінде жүзеге асыруға төмендегілер кіреді:

- кәсіптік оқыту мазмұнының кәсіби қызметтің негізгі ерекшеліктерімен арақатынасы;  
- жоғары оқу орнында оқу үдерісін ұйымдастырудың фронтальды, топтық және жеке формаларының оңтайлы үйлесімі, студенттердің өзіндік жұмысына жағдай жасау;  
- кәсіби дайындықтың әртүрлі кезеңдерінде оқытудың инновациялық әдістері мен құралдарын тиімді қолдану;

- мамандарды даярлау нәтижелерінің әлеуметтік тапсырыс талаптарымен осы бейіндегі мамандарды даярлау сапасына арақатынасы;

- дене шынықтыру технологияларды жүзеге асыру үшін студенттерде қажетті білім мен іскерлікті, жеке қасиеттерді қалыптастыру. Осылайша, бөлінген жағдайларды кешенді практикалық іске асыру кезінде ғана дене шынықтыру және спорт саласында құзыретті дене шынықтыру және спорт бойынша маманды дайындау мәселесін шешуге болады.

Жалпы мұғалімнің іс-әрекеті бірнеше аспектілерді қамтиды: болашақ іс-әрекетті мақсатты болжау және жобалау процесімен байланысты жобалаушы; пәндік мазмұнды әзірлеу және іріктеумен

байланысты ақпараттық; оқушылардың іс-әрекет формаларын әзірлеумен, қойылған мақсаттарға барабар оқыту әдістері мен құралдарын іріктеумен байланысты ұйымдастырушылық; оқыту нәтижелерін талдау және зерттеу.

С.И. Архангельскийдің [7, б. 57] айтуы бойынша, жоғары оқу орнындағы дайындық жүйесінен мұғалім кәсіби қызмет жүйесіне көшуді қамтамасыз ететін біртұтас жеке білім беру ретінде дайындықты анықтау негізінде, оны қалыптастыру кәсіптік даярлықтың педагогикалық компоненті арқылы жүзеге асырылады. Педагогикалық пәндерді оқыту студенттердің мотивациялық-құндылық саласын қалыптастыру, студенттің кәсіби-тұлғалық бағытын және оның құндылықтық бағдарын қалыптастыру, көзқарастар жүйесін қалыптастыру, диалогқа қабілеттілікті дамыту, студенттің гуманистік бағытын қалыптастыру, оның аналитикалық қабілеттерін дамыту, бастаманы дамыту, студент тұлғасының шығармашылық потенциалын дамыту, шығармашылық кәсіби қызметке, үнемі ізденуге, оқушылардың дене және спорттық дайындығына қолайлы орта құру сияқты міндеттерді шешуге ықпал етеді; кәсіби-маңызды іскерліктер мен сапаларды қалыптастыру үшін жағдай жасау; кәсіби жетілдіру және шығармашылық өзін-өзі іске асыру қажеттілігін дамыту; студенттің кәсіби қызмет субъектісі ретінде өзіне деген көзқарасын дамыту.

Пән мазмұнын түсініктермен және идеялармен байыту, оларды білу болашақ мұғалімдердің оқушылардың дене және спорттық дайындығына дайындығын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Біздің зерттеуде дайындық мазмұны жаңа педагогикалық зерттеулерді, оқу үрдісінде оқытуды ұйымдастыру жөніндегі бағдарламалар мен әдістемелік ұсынымдарды ескере отырып түзетіліп, толықтырылып, элективті курстар арқылы зерделенді және оқу сабақтары жүйесі, практикалық жұмыс және оқудан тыс қызмет арқылы жүзеге асырылды.

Дене шынықтыру және спорттың даярланатын оқу бағдарламасы бүгінгі таңда кездесу, ашық есік күндерін өткізу кезінде жұмыс берушілермен талқыланады. Білім беру бағдарламасының мақсатын жетілдіру аймақта қажетті мамандарды даярлауға бағытталған.

Білім беру бағдарламасын әзірлеу кезінде түлектердің, жұмыс берушілердің пікірлері ескеріледі. Білім беру бағдарламасын талқылау нәтижесі жаңа оқу кезеңіне қалыптасатын жұмыс оқу жоспарына жаңа пәндерді енгізу болып табылады.

Психологияны білу және оны спортшылармен жұмыс тәжірибесінде және дене тәрбиесі бойынша сабақтарда пайдалану жаттықтырушыға, оқытушыға қиын жағдайларда жағымсыз көріністердің туындауын болдырмауға мүмкіндік береді (жоғары деңгейдегі алаңдаушылық, старт алдындағы фобиялар, фрустрация, тұлғааралық қақтығыстар және т.б.) және жаттығу қызметінің тиімділігін арттыруға, жоғары кәсіби шеберлікке қол жеткізуге мүмкіндік береді. Болашақ маман психологиялық білімнің жаттықтырушы мен оқытушының құзыреттілігі қалыптасатын қажетті базаны құрайтынын есте сақтауы тиіс.

Болашақ мұғалім, жаттықтырушы жаңадан бастаған спортшылардың қандай да бір спорт түрін таңдау мен іріктеуде жеке-психологиялық ерекшеліктерін анықтай білуі және олардың негізінде жаттығу процесін ұйымдастыра білуі, дене жүктемесінің көлемі мен қарқындылығын анықтай білуі, айналысушылармен қарым-қатынас процесін құра білуі тиіс.

Балалар мен жасөспірімдерді дене тәрбиесіне және спорттық дайындауда дене шынықтыру сабақтарына, спортқамотивацияны білу қажет, себебі мотив ішкі ынталандыру күші ретінде сыртқы әсерлердің әсерінен пайда болады. Сыртқы әсер ретінде:

- нақты физикалық жаттығулардың тартымдылығы, қозғалыс қабілеттері, темперамент және тұлғаның басқа да қасиеттері арқылы. Сондықтан бір бала гимнастикалық снарядтарда жаттығуларды, басқаларын – ойын сипатындағы жаттығуларды (футбол, волейбол, баскетбол және т.б.), үшіншісін – күштік жаттығуларды тартады; шағын аудандағы спорт базасының әртүрлілігі мен қолжетімділігі (спорт алаңдары, бассейндер, стадиондар және т.б.). Оқушыларға әсер ететін осы факторлардың барлығы дене шынықтыру сабақтарына деген уәждердің пайда болуына қолайлы жағдай жасайды.

Бізоқушыларды дене тәрбиелеудің және спорттық дайындаудың маңызын, дене тәрбиесімен спортпен шұғылдануды ұйымдастыруда болашақ маманға қойылатын талаптарды, педагогикалық шарттарды қарастырып, болашақ маманның жұмыстарының мазмұнын және бұл іс-әрекетте ол қандай рөл атқаратынын негізге ала отырып, қазіргі уақытта болашақ маманға талаптарды анықтадық, онда болашақ дене шынықтыру мұғалімге керекті білімдер көрсетілді:

- оқушыларды дене тәрбиесіне және спорттық дайындауда болашақ маманның оң көзқарасы;

- болашақ маманның оқушыларды дене тәрбиесіне және спорттық дайындауға маңыздылығын түсінуі;
  - болашақ маманның оқушыларды дене тәрбиесіне және спорттық дайындау үшін қажетті білім, білік және дағды кешенін меңгеруге ұмтылуы;
  - дене тәрбиесіне және спорттық дайындауға теориялық негіздерін білуі (дене шынықтыру, спорт, психологиялық, педагогикалық);
  - оқушыларды дене тәрбиесіне және спорттық дайындау негіздерін білуі;
  - оқушыларды дене тәрбиесіне және спорттық дайындау бағдарламасын білуі;
  - оқушыларды дене тәрбиесіне және спорттық дайындауды ұйымдастыру тәсілдерін меңгеруі;
  - оқушыларды дене тәрбиесіне және спорттық дайындауға түрлі формаларды, әдістерді, тәсілдерді қолдана білуі;
  - оқушыларды дене тәрбиесіне және спорттық дайындауға мазмұнды-әдістемелік қамтамасыз етуі;
  - оқушыларды дене тәрбиесіне және спорттық дайындау мониторингін жүзеге асыруі;
  - оқушыларды дене тәрбиесінің және спорттық дайындаудың нәтижелерін анықтай білуі.
- Осы жоғары көрсетілген талаптарды болашақ дене шынықтыру мұғалімі орындаса, ол өз қызметінде тиісті кәсіби құзыреттілікке ие болуға, оқыту мен тәрбиелеу сапасын қамтамасыз етуге, өзінің кәсіби шеберлігін жоғарлатуға мүмкіндік алады.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. «Педагог мәртебесі туралы» - Қазақстан Республикасының Заңы. № 293-VI . 27.12. 2019 ж. [https://online.zakon.kz/m/document/?doc\\_id=32091648](https://online.zakon.kz/m/document/?doc_id=32091648)
2. Еришова, Н. Г. Профессионально-личностное развитие студентов в условиях психолого-педагогического сопровождения в вузе физической культуры // Теория и практика физической культуры. - 2005. - №9. - С. 44-47.
3. Тәжібаев Т. Жалпы психология. - Алматы: Қазақ университеті, 1993.
4. Оразбаева К.О. Жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру. Философия (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған диссертация. – Алматы, 2016.
5. Оганнисян Л.А., Акопян М.А., Ерошенко В.Н. Моделирование профессиональной компетентности будущего педагога в процессе преподавания педагогических дисциплин // Современные проблемы науки и образования. – 2016. №3.
6. Бермус А.Г. Проблемы и перспективы реализации компетентностного подхода в образовании // Интернет-журнал «Эйдос». 2005. 10 сентября. URL: <http://www.eidos.ru/journal/2005/0910-12.htm>.
7. Архангельский С.И. Учебный процесс в высшей школе, его закономерности основы и методы. - М.: Высшая школа, 1980.-368с.